

Қобда ауданы Жарық ауылдық округінің Жарық ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарық ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанда № 30161 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жарық округінің Жарық ауылы халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 2 қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Жарық ауылдық округінің Жарық ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

Астана көшесі Тәуке хан көшесіне;

Ә. Молдағұлова көшесі Бұқар жырау көшесіне;

Желтоқсан көшесі Ақан сері көшесіне.

2. "Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жариялағанынан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарық ауылдық округінің әкімі

Е. Имангазин